

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі



Курстық жұмыстарды орындау және қорғау бойынша әдістемелік нұсқаулар

*Педагогикалық колледждің
студенттеріне арналған
оқу-әдістемелік құрал*



Орал - 2014

Авторлары:

Құрманалина Ш.Х. – п.ғ.д., ҚПҒА академигі, Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің директоры.

Искалниева А.Б. – Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі жанындағы «Білім» бейіні ОӘБ төрағасының орынбасары.

Ильясова Р.Қ. - Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің жоғарғы санатты педагогика және психология пәні оқытушысы.

Рецензенттер:

Ергалиева Г.А. - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Клименко Т.И. - Батыс Қазақстан Гуманитарлық Академиясының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

Набидоллина Ш.С. –Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Әдістемелік құрал педагогикалық колледждің күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінің студенттеріне арналған.

Әдістемелік нұсқаулар студенттерге курстық жұмыстарды даярлау үшін студенттерге көмек көрсетуге арналған. Құралда курстық жұмысты орындаудың дәстүрлі кезеңдері беріледі: тақырып таңдау, жоспар құру, мәтін даярлау, жұмысты безендіру. Бұдан басқа әдістемелік құралға курстық құрал бағалаудың жалпы критерийлерін, мүмкін тақырыптарын, ұсынылған әдебиеттерін тізімі енгізілген. Ұсынылған құрал оқытушылардың да қызығушылығын тудырады.

Әдістемелік құрал ҚР БЖҒМ 2004 жылғы 5 сәуірдегі №281 бұйрығымен бекітілген Орта кәсіптік оқу орындарында курстық жұмысты орындау және қорғау туралы әдістемелік нұсқауларға сай жасакталды.

Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі жанындағы «Білім» бейіні оқу-әдістемелік бірлестік отырысында қаралды және бекітілді.

Хаттама №5 «7» қараша 2014 жыл.

ОӘБ төрағасы, п.ғ.д.

Ш.Х.Құрманалина



МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер...	4
2. Курстық жұмысқа қойылатын талаптар.....	6
3. Курстық жұмысты орындау әдістемесі.....	11
4. Курстық жұмысты қорғау.....	20
5. Курстық жұмысты бағалау критерийлері.....	22
6. Қолданылған әдебиеттер.....	24
7. Қосымшалар.....	25

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Курстық жұмыс – студенттің жыл бойына орындайтын оқу жұмысының міндетті түрі.

Курстық жұмыс студенттің өзбетіндік зерттеу жұмысы боп табылады және педагогика, психология немесе жеке әдістемелер саласындағы бір мәселенің мәтін түрінде рәсімделіп, логикалық аяқталған ғылыми зерттеу түрін қамтиды.

Студентте ғылыми-зерттеу жұмыстарының дағдыларын қалыптастыру, оның кәсіптік (теориялық, практикалық) дайындық деңгейін көтеру, оқу пәнін терең меңгеру, ғылыми және анықтама әдебиеттермен өзбетімен жұмыстану білігі мен қызығушылығы дамыту мақсатында жүргізіледі.

Курстық жұмысқа дайындық кезінде студенттің алдында педагогика және мамандық бойынша оқыту әдістемелері саласындағы жаңа ғылыми жетістіктерді ашу міндеті қойылмайды. Студентке тақырыпты баяндау үрдісінде әдебиетті ғылыми пайдалану, баяндалған материалдың әдіснамасын түсіну, мәліметтерді жүйелей білу, жүйелеу мен қорытынды шығару, теория мен практиканы қазіргі өмірмен байланыстыру қабілеттерін көрсету керек.

Курстық жұмысты орындау студенттерден тек қана педагогикалық және арнайы білімдерін жетілдіру ғана емес, жекелеген педагогтардың, білім беру ұйымының т.б. практикалық жұмыс тәжірибесімен танысу, тәжірибелік-практикалық немесе тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы мектеп қушыларын тәрбиелеу мен оқыту мәселелерін тиімді шешу тәсілдерін жасақтау және сынақтан өткізуді талап етеді.

Курстық жұмыс студенттің оқу сабақтары мен оқу жұмысының бақылау формасының негізгі түрін көрсетеді, бұл студенттердің теориялық білімдерін және оларды қолданудың практикалық дағдыларын, олардың ғылыми бейімділігі мен қызығушылығының деңгейі анықталады.

Курстық жұмыстың тақырыптары

Курстық жұмыстың тақырыптары өзекті, ТжКББ жүйесін дамытудың қазіргі жай-күйі мен дамыту перспективаларына сай, кафедралар мен колледждің ғылыми зерттеу мәселелерімен сәйкес келуі тиіс.

Курстық жұмыстың тақырыптары оның мазмұнын нақты тұжырымдауы қажет.

Курстық жұмыс тақырыптары сәйкес кафедраның отырыстарында бекітіледі. Курстық жұмыс тақырыптарымен жұмыс студенттерге 1-қосымшада көрсетілген ережеге сай мерзім мен тәртіпте жүргізіледі.

Пәннің мақсаты мен мазмұнына сай курстық жұмыстар келесідей болады:

- берілген мәселе бойынша ақпараттық қорларға аналитикалық-синтетикалық шолу жасау;
- нақты кәсіптік міндеттер (жағдаяттар) шешуді сипаттау;

- шынайы кәсіптік жағдаяттарда зерттелетін пәннің теориялық және әдіснамалық аспектілерін пайдалану практикасын талдау;

- студенттің ғылыми танымның нақты эмпирикалық және теориялық әдістерін пайдалану арқылы жүргізген зерттеулерінің нәтижелерін сипаттау.

Курстық жұмыстардың тақырыптары, оларға қойылатын талаптар және оларды орындау туралы нұсқаулар студенттердің назарына семестрдің басында жеткізіледі. Курстық жұмыстың тақырыптары студенттердің таңдауына беріледі. Студент кафедраның ұсынған тақырыптарының бірін немесе өзінің таңдаған тақырыбын негіздеп ұсынуға құқы бар. Курстық жұмыс тақырыптарын таңдау білім алушының кәсіптік практикасы бағдарламасымен байланысты мақсатты негіздесе, сырттай оқу бөлімінде білім алушының кәсіптік қызметімен тығыз байланысты. Студент практикада проблеманы көре отырып, оны шешу гипотезасын ұсынады, оны тексеру үшін өзбетімен жоспарланған эксперимент жүргізеді, эксперименттің жүру барысын талдайды, өзінің педагогикалық тәжірибесін талдауды жүзеге асырады. Бұл біліктер әдістемелік мәдениет сапасын көтереді. Осылайша практика жүзінде зерттеу міндеттерін шешетін біліктер қалыптасады.

2,3 курстарда студенттер курстық жұмыстың тақырыбын, ғылыми жетекшіні таңдайды. Студент өзі қызығатын, білімін тереңдетін тақырыптарды ала алады. Педагогикалық әдебиеттерді оқу, педагогикалық тәжірибемен танысу мұғалімдердің педагогикадағы шешілмеген мәселелер туралы студенттерді хабардар етіп отыруы тақырып таңдауға көмектеседі.

Сәйкес кафедралардың ұсынуы бойынша білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен курстық жұмыстың жетекшілері тағайындалады.

Курстық жұмыстарға жетекшілік

Курстық жұмыс ғылыми жетекшінің – сәйкес кафедраның оқытушысының, магистр немесе доценттің жетекшілігімен орындалады.

Курстық жұмыс жетекшісінің функциялары:

- курстық жұмыс тақырыбын, жоспарын және оны орындау кестесін жасақтауда студентке практикалық көмек беру;

- зерттеу мақсаты мен міндеттерін түсіндіру;

- әдебиеттер мен нақты материалдарды іріктеуге нұсқаулар беру;

- жасақталған жоспарға сай курстық жұмысты орындау ретін жүйелі бақылау;

- студенттің бекітілген жұмыс орындау кестесін орындамағаны туралы кафедраға ақпарат беру;

- жұмыстың мазмұны бойынша біліктілікті кеңес беру;

- курстық жұмысты оны орындауға қойылатын талаптарға сай сапасын бағалау.

Оқу жоспарының кеңес беруге бөлінген уақыты есебінен курстық жұмысты орындау кезеңінде кеңес беру кестесі жасақталады. Ғылыми жетекші студентке бірінші беретін ақыл кеңесінде курстық жұмыстың тақырыбын анықтап, оны аяқтау мерзімін белгілейді. Ол айына 2 рет студентке ақыл – кеңес ұйымдастырып, курстық жұмысты жазуға көмектеседі. Жетекші жазылған курстық жұмысты мұқият тексеріп, жазбаша пікірін жазған соң студент оны қорғауға әзірлейді. Талапқа сай жазылған курстық жұмыстары оқытушылар мен студенттердің ғылыми – практикалық конференцияларында, әдістемелік кеңес отырыстарында тыңдалады.

Мазмұны бойынша курстық жұмыстар реферативтік, практикалық, конструкторлық, технологиялық және тәжірибе-эксперименттік сипатта болады. Курстық жұмыс баспа түрде 25 беттен кем емес болуы тиіс. Курстық жұмысты орындау кезінде реферативтік сипатта болса, негізгі бөлімдердің мазмұнын ашумен қатар, теория мен практика мәселелерінің зерттелу деңгейін сипаттайтын жұмыстың теориялық бөлігіне көңіл аудару қажет.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Курстық жұмысқа қойылатын талаптар:

1. тақырыптың көкейтестілігі.
2. тақырып бойынша ғылыми, оқу - әдістемелік және мерзімді басылымдарды оқу және талдау.
3. проблеманың тарихы мен практикадағы жағдайын мұғалімдердің озат тәжірибесі мен студенттің өз тәжірибесіне сүйене отырып зерттеу, талдау.
4. өз бетімен зерттеу жүргізу: зерттеу объектісі мен одан таңдалған салаға, мақсат, міндеттеріне, әдістеріне сипаттама беру, экспериментті талдау, сипаттау.
5. зерттеу нәтижелерін шығару, қорытындылар мен практикаға берілген ұсыныстардың ғылымилығын негіздеу.
6. курстық жұмысты стандарт талаптарына сай безендіру

Курстық жұмыстың тақырыбын таңдамас бұрын зерттелетін **объектіні**, оны зерттеу әдістерін таңдап алу керек. Педагогика ғылым және практика салаларын зерттейді. «Мектепке дейінгі әрбиелеу және оқыту» мамандығы студенттері «Мектеп жасына дейінгі педагогика, «Мектепке дейінгі психология», «Жеке пән әдістемесі» бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді. «Бастауыш білім беру» мамандығы студенттері «Бастауыш мектеп педагогикасы», «Кіші жастағы оқушылар психологиясы», «Математиканы оқыту әдістемесі», «Ана тілін оқыту әдістемесі» әдістемесінен курстық жұмыстарын орындайды. Мысалы зерттелетін

тақырып оқушыларды бейнелеу іс - әрекетімен байланысты болғанда зерттеуші алуан әдістерді, пәнаралық байланысты қолданып, оқушыларды ермексазбен жұмыс істеуге үйретіп, оқушылардың шығармашылық жұмыстарынан көрмелер ұйымдастырады. «Шетел тілі» бөлімінің студенттері «Педагогика», «Психология», «Шетел тілін оқыту әдістемесі» бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Сонымен *объект тәрбиешіге проблема туғызып отырған құбылыс немесе процесс*. Объектіні тұжырымдау және зерттеу өте маңызды жұмыс. Объект дұрыс белгіленбегенде зерттеуші басқа ғылым салалары объектісін зерттеуі мүмкін. *Зерттеу пәні* немесе құралы объектідегі проблеманы шешуге көмектеседі. Құрал мен таңдалған тақырып бір – біріне сәйкес келуі керек.

Тақырыпты нақтыландырған соң зерттеуші ғылымды дамытатын, жаңа ғылыми заңдар ашатын, мәселені шешу жолдары туралы түрлі *болжамдар - гипотеза* құрастырады. *Гипотезаны* педагогикалық процестегі мәселе жауабы, жоба деп те анықтауға болады. Оны белгілі әдіс- тәсілдермен мәселені шешуге болатындығы туралы жорамал деп те айтуға болады. Бақылау арқылы жаңа құбылыс ашылып, оны бұрынғы педагогикалық әдіс – тәсілдермен шешу мүмкін еместігі анықталған соң тәжірибе барысында тиімсіздігі немесе мәселені шешуге көмектесетін, тиімділігі айқындалатын жаңа әдіс – тәсілдер жобаланады. Гипотезада мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеті, оқушылардың іс - әрекетке қатынасы, оның нәтижесі – білім, іскерлікті меңгеруі көрсетілу керек.

Зерттеуші гипотезаның проблеманы шешуіне көмектестіндігін дәлелдеп, педагогикалық, баланың психологиясы және физиологиясы туралы ғылыми білімдерге сүйенеді. Құрастырылған дәлелді гипотеза оны эксперимент арқылы тексеруге, түзетуге, тиімдісін қолдануға жағдай жасайды. *Мысалы:* «Егер оқытудың барлық кезеңінде деңгейлік тапсырмалар қолданылса, онда оқушылардың оқу үлгерімі жақсарады».

Гипотезадан *зерттеу мақсаты, міндеттері* туындайды

Мақсат – зерттеу жұмысының қорытындысын санада жобалау. Педагогикалық зерттеулердің *мақсаты* – педагогикалық процесс қасиеттерін, құрылымын, бөліктерін, мақсат, мазмұн, әдістерін анықтау. *Зерттеу мақсаты* – педагогикалық процестің бір бөлігінде жаңа жетістіктерге жету, жаңа ғылыми білім, атап айтсақ әдістеме, модель, өлшем, талап, негіз жасау. Педагогика тарихы бойынша курстық жұмыстың мақсаты: дәуір ерекшелігін ашу, тәжірибені талдау, оны қазіргі білім беру ұйымдарында қолдану мүмкіндіктері..

Зерттеу міндеттері курстық жұмыстың жалпы мақсатынан туындайды және зерттеу жұмысының негізгі кезеңдері болып есептеледі. Шешілетін міндет 4-6 дан аспау керек.

Зерттеу міндеттері:

- анықтау;
- зерттеу;
- құрастыру;
- эксперимент арқылы тексеру.

Міндеттерді белгілеу үшін оларды анық, нақты қоюға ықпал ететін, оқушыларға қиын жағдайлар туғызу арқылы жеке тұлғалық сапаларын анықтайтын *анықтаушы эксперимент* өткізіледі. *Қалыптастырушы эксперимент* барысында оқушыларға білім және тәрбие беретін жағдаяттар жасалады.

Зерттеу жұмысының жоспарын жасау

	Курстық жұмыс	Дипломдық жұмыс
Тақырып	Математика сабақтарында оқушыларды біліміне қарай саралау мәселесі	Математика сабақтарында біліміне қарай саралап оқытуды жүзеге асыру
Объектісі	Біліміне қарай саралап оқыту принциптеріне негізделген математика сабақтары	Математиканы оқушылардың біліміне қарай саралап оқыту процесі
Пәні	Біліміне қарай саралап оқыту – математика пәнін оқыту процесінің тиімділігін көтеру құралы.	Мұғалімнің оқушылардың өздік жұмыстарын ұйымдастыруы – жекелеп оқыту принциптерін жүзеге асыру тәсілі.

Зерттеу әдістері және оларды таңдау.

Зерттеу әдістері арқылы ақиқат ашылады. Әдістер зерттеу принциптеріне, кезеңдеріне, мәселе, болжам, зерттеудің мақсат, міндеттеріне, жинақталған мәліметтерге, оқушылардың жан – жақты, үйлесімді дамуына ықпал ету деңгейіне сай таңдалып, зерттеу жұмысының жеке бөліктеріне іріктеледі.

Зерттеу әдістері теориялық және практикалық деп екіге бөлінеді. *Теориялық әдістер*: талдау, жинақтау, нақтылау, индукция, дедукция, ұқсату, модельдеу, салыстыру, жіктеу. *Практиканы зерттеу үшін қолданылатын әдістер*: бақылау, әңгіме, рейтинг (білікті төрешілер бағасы), өзіне - өзі баға беру, педагогикалық консилиум, диагностикалық бақылау жұмыстары, педагогикалық тәжірибені зерттеу, педагогикалық тәжірибе жүргізу, эксперимент.

Назарларыңызға кең тараған зерттеу әдістерінің сызбасын ұсынамыз.

Бақылау әдісі. Бақылау жоспары.

Мақсаты: Сабақтың түрлі кезеңдеріндегі оқушылардың белсенділігін анықтау.

Күні:

Мектеп:

Сынып:

Оқушы:

Оқытушы:

Сабақтың тақырыбы:

Сабақтың	Сабақтағы оқушылардың белсенділігі
----------	------------------------------------

кезеңдері	Жауап беру үшін қолын көтерген оқушылар	Мұқият тыңдап отырған оқушылар	Оқу тапсырмаларын мұқият орындап отырған оқушылар	Оқушылардың мұғалімге қойған сұрақтары (нақтыландырушы, проблемалық).
Үй тапсырмасын тексеру				
Жаңа оқу материалын түсіндіру				
Оқу материалдарын бекіту				
Үй тапсырмасын беру				

Адамдардан мәліметтер алу үшін қолданылатын зерттеу әдістері.

Сауалнама арқылы жеке адамның және қоғамның санасы, оқиғалар туралы білімдер алынады. Респондентке зерттеу тақырыбына байланысты жазбаша және ауызша сұрақтар беріледі. Белгілі бір жоспармен әңгімелесу. *Интервьюер* (сұрақ беруші) және *респондент* (сұраққа жауап беруші) арасында байланыс орнап, респонденттің жауабын интервьюер немесе ассистенті жазып алады. *Әңгіме* ынтымаққа негізделген, мәселені бірге шешуге шақыратын сұрақ – жауап әдісінің бір түрі. *Әңгіме* респондентті және оның әлеуметтік тобын жете білу мақсатында өтеді.

Анкета – белгілі бір жоспармен өткізілетін жазбаша сауалнама. Анкета сұрақтарының мазмұны, формасы жүйелі тұжырымдалған жоспар бойынша өтеді.

Түрлері:

- ашық сұрақтары бар сауалнама;
- жабық сұрақтары бар сауалнама;
- жартылай жабық;
- аралас.

Мақсаты: бір оқиға туралы білу; жақсы мен жаманға қатынасты білу. Өткізілу формасы: пошта арқылы өткізу; бұқаралық ақпарат құралдары өткізетін сауалнамалар; сырттай өткізу; жеке адаммен өткізу; топпен өткізу.

Өткізу әдістемесі. Кіріспеде сауалнама өткізетін мекеменің аты, сауалнаманы өткізудегі мақсаты, мәліметтер қолданылатын жерлер, сауалнамаға қатысқан респонденттер туралы жазылады. Сауалнамамен жұмыс жөнінде нұсқаулар беріледі.

Сауалнаманың негізгі бөлімі

Алғашқы сәтте берілетін сұрақтардың мақсаты: сауалнамаға жауап беретін адамды қызықтыру, жауапқа бейімдеу. Негізгі сұрақтардың мақсаты: адамның өмірімен байланысты күрделі, ашық сұрақтарға жауап алу. Соңғы сұрақтардың мақсаты: адамның көңіл – күйін ескеру.

Интервью өткізуге берілетін кеңестер:

- өткізілетін орынды белгілеу;
- зерттелетін мәселеге арналып, респонденттердің өз ойларын айтуына көмектесу;
- кіріспе: кіріспе сөз қысқа, дәлелді нанымды болып, зерттеу жүргізіп отырған мекеменің зерттеу мақсаты, респонденттің сұраққа жауап беру керектігі, жауаптардың құпиялығы сақталатындығы туралы айтылу керек;
- зерттеушінің респонденттердің жауабына талдау жасауы;
- респонденттің сөзін бөліп, қысым жасамау;
- сұхбат кезіндегі жылы шырайлылық;
- зерттеушінің сұхбат арасында үзіліс жариялап, респонденттің көңілін көтеру үшін әзілдесіп, мимика және пантомимикасымен респондентке көңіл бөлуі.
- сұхбатты белгілеу, респондент сөзін дәптерге немесе үнтаспаға жазу.

Зерттеу әдістерін анықтаған соң төмендегі кестені толтыруға болады.

<i>Зерттеу кезеңдері</i>	<i>Зерттеу әдістері</i>	<i>Зерттеу жұмысының мазмұны</i>

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

I кезең- дайындық кезеңі.

- 1.1.Зерттелетін проблеманың әдіснамалық негіздерін анықтау.
- 1.2.Зерттелетін проблема бойынша әдебиеттерді оқу негізінде тақырыпты таңдау.
- 1.3.Зерттелетін объектіні анықтау. Объектіден бір үлескені алу.
- 1.4. Зерттеу жұмысын ұйымдастырып өткізуге дайындық:
 - әдістемелік әдебиет пен педагогикалық тәжірибені тақырыпқа сай оқып, зерттеп, «Әдістемелік әдебиет пен педагогикалық тәжірибеге шолу» деген тақырыпта мәтін құрастыру;
 - тақырыпты нақтылау, жоспарын жасау;
 - зерттеудің гипотезасын, мақсат, міндеттерін тұжырымдау;
 - зерттеу әдістерін, зерттеу жұмысы жүргізілетін білім беру ұйымдарын таңдау.

II кезең - тәжірибе жұмыстарын дайындау және жүргізу.

- 2.1. Тәжірибе жұмысын жоспарлау.
 - шағын эксперимент өткізілетін және бақылау тобын анықтау;
 - диагностикалық әдістемені, зерттелетін объектіні бақылау және белгілеу әдістемесін нақтыландыру;
 - зерттелетін тақырыпқа сай балалармен өткізілетін оқу сабақтарының, сыныптан тыс тәрбиелік іс – шаралардың конспектілерін жазу.
 - зерттеу нәтижелерін талдайтын әдістемені жасау.
 - мұғалімдерден кеңестер алу.
- 2.2. Тәжірибе өткізу.
 - анықтайтын эксперимент өткізіп, оқушылардың бастапқы деңгейлерін анықтау; соған сай оқу сабақтарын, тәрбиелік іс шараларды өткізіп, гипотеза дұрыстығын тексеру;
 - қалыптастырушы экспериментті талдау, гипотезаны нақтыландыру, тәжірибе жұмысының мазмұнына толықтырулар енгізу.
 - тәжірибе жұмысындағы кемшіліктерді және жетістіктерді жазып, оған әсер еткен психологиялық – педагогикалық жағдайларды анықтау, келеңсіз құбылыстарды жою жолдарын белгілеу.

III кезең – курстық жұмысты безендіру.

- 3.1. курстық жұмысты аяқтау:
 - дайын мәтіндерді бөлімдерге енгізу;
 - қорытындылар жазу;
 - кіріспе жазу;
 - соңғы сөзді құрастыру;
 - әдебиеттердің тізімін құрастыру;

- суреттер тізімін құрастыру;
- қосымшалар құрастыру.

3.2. Курстық жұмыстың мазмұнын құрастыру

3.3. Мұқабасын безендіру.

I кезең. Дайындық кезеңі

Әдебиеттермен жұмыс. Курстық жұмыс таңдалған тақырып бойынша қажетті, маңызды әдеби деректерді талдап, әдебиеттерге шолу жасауды, мәселелердің жауаптарын анықтауды, мәселе тарихына қысқаша тоқталуды, ғалымдардың мәселе жауаптарын салыстырмалы түрде талдауды талап етеді. Әдебиеттерде тақырыпты ашуға керекті маңызды материалдар, кейбір мәселелердің шешімдері болады. Таңдалған тақырып бойынша әдебиеттерді оқудағы міндет ғалымдардың мәселені шешу әдіс – тәсілдерімен, оның маңызымен, жауаптың дәстүрлі шешімдерден айырмашылығымен, автордың дәлелді және дәлелдері аз пікірлерімен, ұсыныстарымен танысу. Тақырып бойынша әдебиеттерді алдын ала талдау ғылыми жұмыстың міндеттерінің жобасын тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Тақырыпты дұрыс және өз бетімен ашу үшін кітаппен жұмыс істей білу керек.

Әдебиеттерді іздеу жұмыстары:

1. Іздейтін тақырыпты тұжырымдау.
2. Тақырыпты ашатын негізгі ұғымдарды анықтау.
3. Керекті құжаттардың шамасын белгілеу.
4. Кітапханадағы жүйелі каталогте жұмыс істеу.
5. Библиографиямен жұмыс.
6. Соңғы 5 жылда шыққан педагогикалық басылымдарды оқу.
7. Карточкалар жасау
8. Ұлттық кітапханалардағы басылымдарды қолдану.
9. Керекті әдебиеттер табылмағанда кітапханашыдан ақыл – кеңестер алу.

Курстық жұмыстың сапасына тікелей әсер ететін керекті әдебиетті табу өте қиын, маңызды жұмыс. Алдымен студент өз кітапханасындағы әдебиеттермен, содан соң білім алып жатқан білім беру ұйымының кітапханасындағы, басқа кітапханадағы әдебиеттерді оқиды.

Анықтама беретін әдебиеттер бөлімінде жұмыс істеуге уақыт бөлген жөн. Алдымен зерттелетін тақырып бойынша қысқаша мәлімет, негізгі әдебиеттер көрсетілген педагогикалық энциклопедияны оқыған тиімді. Содан соң зерттеу әдістемесі туралы әдебиеттер оқылады.

Кітапхана қорларында бар кітаптардың тізімі жазылған карточкалар жүйемен беріледі. *Алфавиттік*-пән бойынша жазылған кітаптар тізімі. *Жүйелі* – бар, жаңа түскен әдебиеттер каталогтары. *Тақырыптық каталогтер* - тақырып бойынша орналастырылған әдебиеттер тізімі.

Кітапқа тапсырыс беру үшін оның шифрін білу керек. Каталогтерден алынған әдебиет туралы мәліметтер карточкаларға жазылады.

Карточкаларды алфавит бойынша жүйелеп, әдебиеттер тізімін жазуға болады. Жазбалар –материалды жинаудың және өңдеудің ең жақсы тәсілі, ақыл – ой жұмысын ұйымдастырудың міндетті түрі.Іріктелеген материалдарға ескертулер жазылады. Кітапты конспектілегенде ғалымның пікірлерін, ұсыныстарын, әдістемесін бөлек карточкаларға жазып, топтап, жүйелеуге болады. Кітаптағы мәліметтерді жеке парақтарға немесе дәптердің ортасын сызып, бір жақ бөлігіне өз сөзімен де, тырнақшаға алып, беттерін көрсетіп сөзбе – сөз көшіріп те жазуға болады. Студент конспектілерін қолданып, сын – пікірлерін, қорытындыларын бір жүйеге келтіреді, *курстық жұмыстың жоспарын* нақтыландырады. Шолуда курстық жұмыстың міндеттері және жоспарына сай кітаптың аннотациясы, кіріспесі, соңғы сөздері, авторларының негізгі ойлары және ұсыныстары жазылады. Сонымен шолуда әдеби деректердегі курстық жұмыстың таңдаған мәселесінің жауаптары анықталады.

Кітап талдағанда қолданылатын етістіктер:

Автор

- | | | |
|-------------------------|---------------------|-----------------------|
| • баяндайды; | • ұсынады; | • табады; |
| • хабардар етеді; | • дәлелдейді; | • жауап береді; |
| • талдайды; | • сілтеме жасайды; | • атап көрсетеді; |
| • түсінеді; | • сұрақ қояды; | • анықтайды; |
| • қарсы; | • болған оқиғаларды | • жазады; |
| • келіседі; | жазады; | • қайталайды; |
| • мынадай пікір айтады; | • еске салады; | • мақұлдайды; |
| • қосады; | • сенеді; | • қорытындыға келеді; |
| | • күдіктенеді; | • мәселені шешеді. |

Мектеп оқулықтарын талдау үлгісі

1. Оқулық мұқабасының безендірілуі.
2. Оқулықтағы суреттер, оның сапасы.
3. Оқулықтағы білімдердің қазіргі талаптарға сәйкестігі, жаңалығы, ғылымилығы.
4. Оқу ақпаратының жүйелілігі және мақсатқа сәйкестігі.
5. Ұлттық ерекшеліктерді ескеруі
6. Оқулықтағы білімдердің оқушылардың жас мүмкіндіктеріне сәйкестігі
7. Пәнішілік және пәнаралық байланыстар
8. Оқушыларды қызықтыратын, сезіміне әсер ететін, тартымды ақпараттар
9. Оқушылардың өмір тәжірибесіне сүйенетін ақпараттар.
- 10.Оқушылардың өздік жұмыстары
- 11.Оқулықпен жұмысқа берілген нұсқаулар.
- 12.Дұрыс орындалған тапсырма үлгілері.
- 13.Оқушының білім, іскерлік, дағдыларын тексеруге арналған сұрақтар.
- 14.Оқулық мазмұнының оқушы қабілетін жан – жақты дамытуға ықпалы.
- 15.Мәтіндердегі проблемалық сұрақтар
- 16.Сұрақтар мен тапсырмалар

2 кезең. Тәжірибе жұмыстарын дайындау және жүргізу

Бұл кезеңде құрамына анықтаушы, жасампаз, қалыптастырушы, тексеру эксперименті енетін *тәжірибе жұмыстарының кезеңдері* анықталады. *Анықтаушы эксперимент* зерттеу жұмысының алғашқы кезеңінде өткізіледі. Міндеті зерттелетін құбылыстың практикадағы жағдайын білу. Мысалы оқыту процесіндегі деңгейлік тапсырмалардың тиімділігін анықтау үшін зерттеуші сабақ жоспарларын зерттеп, сабақтарды бақылап, оқушылармен және мұғалімдермен әңгімелеседі, жеке оқушылармен сұхбат жүргізеді, оқушылардың өздік жұмыстарын тексереді.

Курстық жұмыстың тақырыбы: «Ойын - тәрбие әдісі». *Анықтаушы эксперимент тақырыбы:* I-III сынып оқушыларының үзілісте жиі ойнайтын ойындары. Нәтижесі:

- ✓ үлгерімдеріне қарай бөлінетін оқушылар;
- ✓ дене бітістеріне қарай бөлінген оқушылар;
- ✓ көп балалы отбасыларының балаларының бірігуі;
- ✓ бір балалы отбасылары балаларының топтасып ойнауы;
- ✓ ойынға уақыттың, аптаның әсері;
- ✓ ойын тәртібінің сақталуы;
- ✓ ойын тәртібінің сақталмауы; оған оқушылардың қатынастары;
- ✓ бір немесе бірнеше оқушылардың мінез – құлқын бақылау.

Осы нәтижелерден студент мәселелерді анықтап, оны шешу үшін ұсынған жорамалын тексеріп, жаңа жағдайлардың оқыту мен тәрбие тиімділігін көтеруге ықпалын зерттеу үшін эксперименттің негізгі кезеңі болып табылатын қалыптастырушы немесе жасампаз эксперимент өткізеді. Оның төрт кезеңі бар:

- эксперимент алдындағы кезең;
- экспериментке дайындық жұмыстары;
- шаралар жүйесінің тиімділігін тексеру;
- нәтижелерін шығару;

Бұл кезеңде тәжірибе жұмысының барысын және нәтижесін белгілеп отырудың, нәтижелерді талдау әдістемесін білудің, мәліметтерді сандық тұрғыдан өңдеудің, кесте, график құрастырудың зор маңызы бар.

Бақылау эксперименті қалыптастырушы эксперимент нәтижелерін нақтыландыруға, гипотезаның дұрыс немесе қате жерлерін көруге мүмкіндік береді. Эксперименттен кейін сабақтар, сыныптан тыс тәрбиелік іс–шаралар, өздік жұмыстар талданып, зерттеу барысындағы жетістіктер мен кемшіліктер қорытындыға жазылады.

3 кезең. Курстық жұмысты безендіру

Мәтіндерді безендіруге қойылатын талаптар:

Курстық жұмыс стандартты А4 форматтағы парақта орындалады. Сол жағынан – 3 см, оң жағынан – 1 см, жоғары және төменгі жағынан – 2 см қалдырылады.

Курстық жұмыстың негізгі мәтінінің көлемі компьютерде терілген 25 беттен кем болмауы керек.

Мәтін Times New Roman шрифтiсiмен терiледi. Шрифт размери 12-14 кегль. Шрифт түсi қара. Мәтiндi екi шету бойынша туралау, азат жол (абзацтың бiрiншi жолы) – 1,25 немесе 1,27 см, жоларалық интервал – бiржарым, абзац алдында және абзацтан соң интервал салынбайды.


Бөлiм, тарау атаулары, сурет пен кестеге қойылатын жазбалар жана жолда орналасады. Бөлiм, тарау атаулары бас әрiппен, қою, 16 – шы шрифтiмен жазылады. Әрбiр тарау жаңа беттен жазылады. Тарау атауы мағынасына сай болуы қажет. Оның атауы парақтың ортасына жазылады. Сөйлемнiң соңынан нүкте қойылмайды. Егер тақырып бiрнеше сөйлемнен тұрса араларына нүкте қойылады. Тақырыптардың аты мәтiннiң жоғары және төмен жағынан 3 интервалмен бөлiнедi.

A4(210x297) форматының бiр жақ бөлiгiне баспаға шығарылады, 203x288 мм. форматты қолдануға болады, бiр жолда 60-65 белгi болады, азат жол 5 белгiден тұрады, бiр бетте 28 – 30 қатар болады.

Мәтiн беттерiнiң рет саны төменгi жақта, парақтың ортасында араб санымен белгiленiп, 3-беттен басталады. Титулдық парақ пен жоспарға реттiк саны қойылмайды, бiрақ ағымдағы түрде курстық жұмыстың бiрiншi және екiншi парақтарына орналасады.

ЖОСПАР, МАЗМҰН деген сөздер бас әрiппен жазылады.

Кестелер, суреттер мен сызбалар өздерi бөлек нөмiрленедi. Суреттер мен сызбалардың атаулары нысанның төменгi бөлiгiнде ортасына тураланып жазылады.



1-сурет. Компьютердің функционалдық сызбасы

Сілтемелер мен ескертулер сол орналасқан парағында көрсетіледі.

Кесте бір- бірнеше объектілерді сандық және сөздік ақпаратты баяндау, көрсеткіштерді салыстыру үшін үшін қолданылады. Кестені мәтіннен кейін орналастыру қажет. Барлық кестелерге сілтеме беруі тиіс. Кесте атауы кестенің жоғарғы жағында ортасында орналасады. Келесі жолда кестенің жоғарғы оң жағында «кесте» сөзі және реттік номері көрсетіледі. Кесте араб сандарымен белгіленеді. Кестені басқа бетке ауыстырғанда оның атауы бірінші бетке түсіріледі, келесі бетке оң бұрышына “кестенің жалғасы...” деп көрсетіледі. Мысалы:

Санау жүйелері

1-кесте

Позициялық	Позициялық емес
2359,407	МСХХІІ
Цифрдың мәні оның орналасқан орнына тәуелді	Цифрдың мәні оның орналасқан орнына тәуелді емес

Курстық жұмыс көбінесе келесі құрылымда беріледі (жақша ішінде көлемі үлгі ретінде):

Титулдық парақ (1 бет)

Мазмұны (1 бет)

Кіріспе (2-3 бет)

1бөлім (10-15 бет)

1.1

1.2

2 бөлім (10-20 бет)

2.1

2.2

Қорытынды (1-2 бет)

Әдебиеттер тізімі (1-2 бет)

Қосымшалар

Кіріспе

Курстық жұмысты безендіру дайын мәтіндерді бөлімдерге енгізуден басталады. Әр бөлімнен соң қорытынды жасалады. Теория мен практика қорытындылары кіріспеде жазылады.

Кіріспе – ғылыми жұмыстың компьютермен жазылған 2 – 3 парақтан тұратын алғы сөзі. Кіріспеде курстық жұмыстың үш бөліміне қысқаша сипаттама беріледі.

Автор бірінші сөйлемнен бастап тақырыбының өзектілігін, Қазақстан Республикасының мектептерінің қажеттіліктеріне сайлығын, ірі зерттеу бағдарлама, тақырыптармен байланысын, зерттеу жұмысының мақсат, міндеттерін, жұмысының практикаға пайдасын, тәжірибе жүргізілген мектептің, әдебиеттердің зерттеу әдістерінің қысқаша сипаттамасын, қорғауға ұсынатын пікірлерін, мәселе туындап тұрған жұмыс үлескелерін,

оны қандай құралдармен шешкенін, зерттеу жаңалығын, алынған нәтиженің мектеп жұмысының сапасын көтеруге қосқан үлесін, зерттеу жұмысының құрылымының дұрыстығын оқырманды қызықтыратындай, қысқаша етіп жазу керек.

Кіріспенің талапқа сайлығын тексеру үшін В.В.Краевскийдің сызбасын пайдалануға болады.

Зерттелетін мәселенің өзектілігін дәлелдеу	Тақырыптың практика сұранысынан туындап отырғанын дәлелдеу		Тақырыптың ғылыми өзектілігін дәлелдеу.
	Педагогикалық процесс нәтижелеріне баға беру	Педагогикалық процесс сапасына баға беру	
Мәселенің маңыздылығы н көрсету	Оқушылардың білімі мен тәрбиесіндегі кемшіліктерді көрсету	Оқушылардың білімі мен тәрбиесіндегі олқылықтарға себепші болған педагогикалық процестегі кемшіліктерді сипаттау.	Мәселе жауаптарын көрсетіп, шешілмегендерін жазу.

Педагогикалық зерттеулердің негізгі сипаттамаларының дұрыстығын төмендегі сұрақтарға жауап беру арқылы білуге болады.

Мәселе	→ бұрын зерттелмеген мәселелерден таңдалған мәселе
Тақырып	→ мәселенің атауы
Өзектілігі	→ бұл мәселені не себепті қазіргі кезде зерттеу керек?
Зерттеу объектісі	→ шешімін таппаған мәселелер
Зерттеу пәні	→ объектідегі мәселені шешуге көмектесетін педагогикалық әдіс – тәсілдер немесе объектіден бөлініп, зерттеуге алынған бөлік
Мақсат	→ зерттеу жұмысының нәтижесі
Міндеттері	→ мақсатқа жету үшін атқарылатын жұмыстар
Гипотеза	→ мәселе жауабы
Ұсыныстар	→ зерттеуге алынған нысанды жетілдіру туралы ойлар

Негізгі бөлім

Негізгі бөлімде тақырып жоспар бойынша баяндалады. Бұл бөлім бірнеше бөліктерден немесе тараулардан құрылады, онда жұмыста қолданылған әдістер мен материалдар, шешілген проблемалық есептер, ғылыми-теориялық (арнайы әдебиеттерді талдаудың қорытындысы) және есептеу-теориялық нәтижелер (мамандық және тақырыпқа байланысты) енгізіледі.

Теориялық бөлімге енгізілетін мәліметтер:

- тақырып бойынша әдебиеттерге шолу, мәселе тарихы;
- зерттеуші қолданған ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасау;
- зерттеу керек мәселені негіздеу;

- міндеттерді орындау үшін қолданылған зерттеу әдістері;
- өткізілген эксперимент;
- зерттеушінің өз зерттеуі, оның мәселені шешуге қосқан үлесі, жаңалығы;
- зерттеу нәтижелерінің ақиқаттығы, отандық және шетелдік ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен салыстыру;
- зерттеу жұмыстарын жалғастыруды негіздеу;
- зерттеуді тоқтатуға мәжбүр еткен жағдайларды жазу;
- қазіргі уақытта шешуге мүмкіндік жоқ мәселені анықтау;
- әрбір бөлімнен кейін қорытынды жасау;
- озат тәжірибе.

Негізгі бөлімнің практикалық бөліміне енгізілетін мәліметтер:

- гипотезаны тексеріп, мәселені шешу үшін атқарылған жұмыстар;
- тәжірибе жұмысына дайындық;
- тәжірибе жұмысының сипаттамасы;
- тәжірибе жұмысының нәтижелерін талдау;
- сынақтан өткен педагогикалық әдіс –тәсілдерді, құралдарды қолдану жөніндегі қорытындылар, ұсыныстар.
- қолданылған әдіс-тәсілдер: анкета, сұрақтар тізімі;
- өткізілген сабақтар мен тәрбиелік шаралар;
- жаттығулар, тренингтер.

Жұмыс мәтіні сипаттауы қажет:

- қарастырылатын сұрақтар бойынша автордың негізгі әдебиеттермен танысуы;
- мәселені анықтай және он шешу жолдарын анықтай білуі;
- қарастырылатын сұрақтардың мәнін тізбекті баян дай білуі;
- сәйкес тұжырымдамалық және терминологиялық аппаратты меңгеруі;
- тілдік сауаттылықтың, функционалдық ғылыми баяндау стилін меңгерудің орташа деңгейі.

Қорытынды

Қорытынды бөлімде жоспарда қойылған және негізгі бөлімде жазылған сұрақтардың түйіндері тұжырымдалады. Онда бөлім бойынша түйіндер сөзбе –сөз қайталанбау керек. Мақсатқа жету деңгейі, нәтижелерді практикада қолдану туралы ұсыныстар, жұмысты жалғастыру мүмкіндіктері туралы айтылады.

Студент жауап беретін сұрақтар:

- тақырыпты таңдау себебі;
- тақырып бойынша атқарылған жұмыстар;
- бөлім бойынша және жалпы қорытынды;
- зерттеудің теория мен практикаға пайдасы, жаңалығы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

Альфавит бойынша автордың ғылыми жұмысының аты, баспадан жарық көрген жылы, беттерінің саны жазылады. Пайдаланылған әдебиеттер саны 10-15 тен кем болмауы тиіс. Мысалы: А.Құралұлы. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы. Алматы: Сөздік – словарь, 1998. 128 б.

Әдебиеттерді безендіруге қойылатын талаптар

Бір автордың еңбегін безендіру:

Құрманалина Ш.Х. Оценка качества профессиональной компетентности учителя. Алматы: Ғалым, 2006. – 144б.

Бірнеше авторлардың еңбегін безендіру:

Математиканың теориялық негіздері: оқулық кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарына ұсынады / Т.Қ.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, С.Қ.Құрманалина.- Астана: Фолиант, 2007.- 352б.

Дерек көшірілген мәтіннен соң бірден жазылады: мысал: Ильясова Р.К., Нұрашева Г.С. Педагогикалық оқу орындарында кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың жолдары // Білім берудегі өзгерістер: жаңа межелер мен басымдықтар. Ғыл.ред.А.Қ.Құсайынов. Алматы, Қазақстан ПҒА, 2013. –б.92 – 97.

Қолданылған әдебиеттердің тізімдегі рет саны көрсетіледі: мысал: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» (1).

Жақшаға әдебиеттер тізіміндегі рет саны, беттері көрсетіледі: мысал: (6; -Б. 8-10).

Мақалаларды безендіру. Газет және журналдардан алынған мақалалар:

Айтжанова З. Құқықтық тәрбие беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. //Бастауыш мектеп. 2008. -№12. –Б. 2-19.

Майғаранова Ш. Сабақтың тәрбиелік міндеттері. //Бастауыш мектеп. 2007.-№4. –Б.3

Энциклопедиялар мен сөздіктерден алынған мақалалар:

Бирюков Б. В., Гастев Ю. А. Моделирование // БСЭ. – 3-е изд. – М., 1974. – Т. 16. – С. 393-395.

Инновация // Словарь-справочник по научно-техническому творчеству. – Минск, 1995. – С.50-51.

Әртүрлі авторлардың мақалалар жинағы:

Теоретические проблемы и технологии инновационного менеджмента в образовании: Сб. научных статей / Сост. О. С. Орлов. – Великий Новгород: РИС, 2000. – 180 с.

Электрондық ресурс материалдарын безендіру:

Уроки английского языка Кирилл и Мефодия [Электронный ресурс]. –М.: ООО «Кирилл и Мефодий». 2008. – CD-ROM: зв., цв.

Сайтты жазу:

Мектеп клубы [Электронный ресурс]. – М.: «КМ Образование», 2009. – Режим доступа: <http://www.school-club.ru/>

Сайтта орналасқан материалдарды жазу :

Брусков В. Аккуратист [Электронный ресурс]: отрывок//Полдень XXI век: альманах. -2009. – 4. – Режим доступа: <http://www.vokrugsveta.ru/polden/article/270/> (15.05.09).

Википедиядағы мақалалар:

Абай Кунанбаев. Электронный ресурс] //Википедия.– Режим доступа: <http://ru.wikipedia.org/wiki/>

Қосымшалар

Бөлек парақтарға сабақтардың, тәрбиелік шаралардың конспектілері, бақылау хаттамалары, балалардың суреттері, фото, диаграммалар, жеке беттерде орындалып, атаулары болу керек. Мәтінде әрбір қосымшаға сілтеме жасалу керек.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРҒАУ

Аяқталған және толық рәсімделген жұмыс электрондық нұсқасымен (диск/дискетада) емтихан сессиясы басталардан 2 апта бұрын жетекшісіне тексеруге және алдын ала бағалауға ұсынылады. Сырттай бөлім студенттері курстық жұмысты келесі сессия басталғанға дейін тапсыруы тиіс.

Жетекші жұмысты тексереді, оған жазбаша қорытынды (пікір) береді, егер жұмыс толық рәсімделген және мазмұны оң баға алған жағдайда қорғауға жіберіледі. Талаптарға жауап бермейтін жұмыстар жасалған ескертулерді есепке ала отырып толықтыруға ұсынылады, кафедраға қорғау уақытынан 4 күн бұрын қайта тапсырылуы тиіс. Дайын курстық жұмыстар тігілген түрде кафедраға тапсырылады (жетекші пікірі мен плагиатқа тексеру нәтижесі тігілмейді, курстық жұмыс ішіне салынады).

Оқу кабинеттерінде көрме ұйымдастырылады.

Курстық жұмысты қорғау үшін сәйкес кафедралардың оқытушыларынан комиссия құрылады.

Курстық жұмыстарын кафедра отырыстарында, бала бақшаларда, мектептерде, төменгі курс студенттері алдында қорғауға болады.

Курстық жұмыс ережеге сай плагиат пен көшіріп алғандығына тексерістен өтеді.

Жұмыс жетекші студентті жұмыстың рұқсат етілген мөлшерде көшірулермен плагиатқа тексерістен өтетіндігі туралы және кафедраға тапсырғанға дейін мәтінді өзбетімен тексеру қажеттігі ескертуі қажет, жұмыстың соңғы бетінде «Курстық жұмысты өзбетіммен орындағанымды, рұқсат етілген мөлшерде көшірмелер бар екендігін растаймын» деген жазумен қолын қоюы тиіс.

Курстық жұмысты қорғау процедурасы:

1. Жұмыстың мазмұны туралы студенттің хабарламасы (7-10 минут).
2. Авторға сұрақ және жұмысты талқылау.
3. Жетекшінің сөзі.
4. Студенттің қорытынды сөзі.
5. Қорғауды қорытындылау.

Студент қорғауға 7 минутқа есептелген ауызша сөз даярлайды.

Курстық жұмысты қорғауда студенттің сөйлеуі болуы тиіс:

- нақты және ықшам;
- қамтылған мәселелер бойынша білімін демонстрациялау;
- нақты анықталған зерттеу нысаны, пәні мен гипотезасының болуы, қарастырылған тақырыптың өзектілігін негіздеу;
- өткізілген эмпирикалық зерттеулердің қорытындысы мен нәтижелерін ашу (болған жағдайда);
- көрнекі-иллюстративті материал: сызба, кесте, график т.б.

Бекітілген уақытта курстық жұмысты тапсырмаған және себепсіз жағдайлармен қорғай алмаған студент академиялық қарызы бар деп саналады.

Курстық жұмыстың толық атауы хаттамаға және дипломның қосымшасына енгізіледі. Курстық жұмыс атауы тырнақшаға алынбайды.

Курстық жұмысты сақтау

Курстық жұмыстың сақталу мерзімі колледждің іс-қағаз номенклатурасына сай орнатылады. Білім алушылардан қабылданған және қорғалған курстық жұмыстар оқу орнының мұрағатында 1 жыл мерзімге сақталады. Мерзімі өткен соң курстық жұмыстарды істен шығару актісі жасалады және жойылады.

Оқу-әдістемелік құнды деп танылған үздік курстық жұмыстар сәйкес кафедраларда сақталады және білім беру ұйымында оқу құралы ретінде қолданылады. Байқауларға ұсыну және қолдану үшін курстық жұмыстар кафедра меңгерушісінің шешімімен кафедрада қалаған мерзімге қалдырылуы мүмкін.

Студенттер кафедрадағы өзінің курстық жұмыстарын (электрондық көшірмесі) бітіру біліктілік жұмыстарын жазу барысында қолдана алады.

Курстық жұмысты қанағаттанарлықсыз бағаға қорғаған білім алушы:

- берілген пән бойынша қорытынды бақылауға жіберілмейді;

- сәйкес пәндік комиссияның шешіміне сай жаңа тақырып таңдауға немесе бұрынғы курстық жұмысты толықтыруға рұқсат беріледі.

Курстық жұмыс директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарына тапсырылып, арнайы журналға курстық жұмыстың тақырыбы, бағасы жазылады.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Курстық жұмысты бағалауда келесі критерийлерді ұсынуға болады:

- курстық жұмысты орындау және тапсыру уақытын сақтау;
- курстық жұмыстың сыртқы түрі және безендірудің дұрыстығы;
- курстық жұмыстың өзектілігін негіздеу;
- зерттеудің сипаттамасын беруді түзету (мәселелер, нысан, пәні, міндеттер және т.б.);
- ұсынылған зерттеу тақырыбына жұмыс мазмұнының сәйкестігі;
- зерттеу тақырыбын толық ашылуы;
- зерттеу алдында қойылған барлық міндеттің шешілуі мен аяқталуы;
- теориялық және практикалық материалдың өзара байланысы, өзекті статистикалық және фактологиялық материалды пайдалану;
- мәтінде сілтемелер мен гиперсілтемелердің болуы;
- иллюстративті материалдардың безендірілу дұрыстығы мен көрнекілігі;
- қосымшалардың болуы және сапасы;
- әдебиеттер тізімін рәсімдеу дұрыстығы;
- теориялық талдау тереңдігі, берілген тақырыптың негізгі мәселелерін талдау білігі, талқылау мәселелерінің және көзқарасының негізгі түйіндерін білу және түсіну;
- өмірмен, практикалық жағынан жұмыспен байланыстыру;
- қорытынды шығару білігі;
- кіріспе мен қорытындының сапасы;
- қарастырылған мәселеге шығармашылық тәсілдеме, өзбетімен баяндау, өз көзқарасын білдіру мен дәлелдеу білігі;
- материалды баяндаудың қисындылығы және сауаттылығы, ғылыми баяндау терминологиясын және стилін меңгеруі;
- принциптік сипаттағы мазмұны қателердің болмауы;
- жұмыстың теориялық және практикалық бағалылығы (қажетіне қарай);
- практикалық сынақ сипатының болуы және толықтылығы;
- жұмысты рәсімдеу сапасы.

